



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

19.04.2023 № 1 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның  
2023 жылғы 19 сәуірдегі  
қаулысы

**Жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын  
насихаттауға бағытталған спорттық, ағартушылық  
және мәдени іс-шаралар өткізу, есепке алудың  
барлық түрлерінде тұрған кәмелетке  
толмағандар үшін бос уақытты ұйымдастыру**

Астана қаласы мәслихатының зандылық, құқық тәртібі және жүртшылықпен жұмыс мәселелері баяндамаларды тыңдал және талқыладап, ұсынылған материалдарды қарап, мыналарды атап өтеді.

Мемлекеттік органдар кәмелетке толмағандар үшін, оның ішінде есептің барлық түрлерінде тұрған жасөспірімдер үшін бос уақытты ұйымдастыру, жастар ортасын сауықтыру бойынша кешенді іс-шаралар өткізеді, қын өмірлік жағдайға тап болған және қолайсыз және әлеуметтік осал отбасыларда тәрбиленушілерге көмек көрсетеді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, балалардың көшеде қауіпсіз мінез-құлыш дағдыларын бекіту, қайтала мақалалардың алдын алу, кейіннен ювеналды полицияның участекелік инспекторларының бақылауымен қамту үшін қолайсыз отбасылардан шыққан кәмелетке толмаған құқық бұзушыларды анықтау жөніндегі шаралар жүзеге асырылады.

Құқық бұзушылық жасаған қолайсыз және әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларды психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру және өмірлік қын жағдайдағы балаларды психологиялық қолдауды қамтамасыз ету үшін «Психологиялық сүйемелдеу қызметі» жобасын іске асыру басталды.

Казіргі уақытта қалада тұрғылықты жері бойынша балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді пайдалануға бағытталған «Аула клубтары» әлеуметтік жобасы іске асырылуда.

Жасөспірімдерді бұқаралық спортқа, шығармашылық үйірмелерге тарту, өмірлік қажетті дағдыларды үйрету және халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан жастардың өмір сүру сапасын арттыру үшін «2023 жылға дейін аула клубтарын жаңғырту тұжырымдамасы» қабылданды.

Сонымен қатар, Астана қаласы Полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі, қалалық психикалық денсаулық орталығы, балалар мен жастардың шығармашылық даму орталықтары, балалар мен жасөспірімдерге арналған бейімдеу және әлеуметтік көмек орталықтары, жастар денсаулық орталығы жүргізген жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайту жөніндегі профилактикалық жұмыстарға қарамастан, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Астана қаласында кәмелетке толмағандар арасында 101 суицидтік жағдай тіркелді, оның ішінде 97 – аяқталмаған әрекет, 4 - өлім. Қалалық психикалық денсаулық орталығының сенім телефонына 2022 жылы 5102 қонырау түсті.

2022 жылдың 12 айында 5550 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде ата – аналар, занды өкілдер – 4358, кәмелетке толмағандар – 1036, өзге де ересек адамдар - 156.

«Астана қаласы әкімдігінің балаларды қолдау орталығына» өмірлік қызын жағдайға тап болған 579 кәмелетке толмаған жасөспірім орналастырылды.

2022 жылы ювеналды полицияның участекілік инспекторлары асырауында 367 кәмелетке толмаған бала бар 199 қолайсыз отбасын анықтап, ПО профилактикалық есепке қойды.

Бүгінгі таңда 111 кәмелетке толмағандарға және 148 тұрмысы нашар отбасыларға қатысты жеке профилактика шаралары қолданылуда.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының зандылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТИ**:

1. «Жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насиҳаттауға бағытталған спорттық, ағартушылық және мәдени іс-шараларды өткізу, есепке алудың барлық түрлерінде тұрған кәмелетке толмағандар үшін бос уақытты ұйымдастыру туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Жергілікті атқарушы органға (**қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасары**):

«Жастар сарайы» МКҚК-ның «Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ-не беру мәселесін зерделеу;

мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыстарды жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыру бойынша бірыңғай операторды (КММ нысанында) айқындау жөніндегі мәселені пысықтау, сондай-ақ жобаларды іске асыру бойынша бірыңғай ақпараттық платформа құру үсінілсін.

3. «Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ, «Астана қаласының Мәдениет басқармасы» ММ, «Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ, «Астана қаласының Білім

басқармасы» ММ, «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ, қала аудандарының әкімдіктеріне, Астана қаласының Полиция департаментіне:

Астана қаласының аула клубтарын дамытудың 2024-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасын өзірлеу;

спорт залдарын, үйірмелерді жаңғырту тетіктерін өзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізу;

аула спорт аландары базасында қалалық іс-шаралар өткізу;

жастар ресурстық орталықтары мен жастар денсаулық орталықтарының бірлескен қызметін жаңдандыру;

спорт ғимараттарының жай-күйіне мониторинг жүргізу, жасөспірімдер мен жастар үшін спортпен шұғылдану үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

жасөспірімдер арасында оларды театрларға өзекті қойылымдарға шақыра отырып, мәдениетке баулу бойынша жүйелі жұмыс жүргізу ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Полиция департаменті» ММ, «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ:

жасөспірімдер арасында алкогольдің зиянды әсерін көрсететін алдын алу іс-шараларын жүргізу және алкоголизмнің даму қаупі жоғары жасөспірімдерді уақтылы анықтау;

есірткіге тәуелді жасөспірімдерді ерте анықтау және уақтылы емдеу жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру ұсынылсын.

5. «Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ:

жүртшылыққа аз танымал, бірақ жастар арасында кең сұранысқа ие бейінді спорт бағыттары: воркаут, стритбол, вотербол, скейтбординг туралы жастар арасында кеңінен насиҳаттау;

қаланың шеткі аймақтарында: Агрокалашықта, Железнодорожныйда және басқа да тұрғын алаптарында спорт кешендерін, веложолдарды, саябақтарды ашу мәселесін пысықтау;

өткізілетін спорттық іс-шараларды жарнамалау және халықты ақпараттандыру үшін әлеуметтік желілерді белсенді пайдалану;

тұрғын үй алаптарында шағын дене шынықтыру орталықтарын салу проблемаларын шешу мәселесін пысықтау;

мәслихаттың әрбір тұрақты комиссиясының, қалалық басқармалардың өкілдерін қоса отырып, жұмыс тобын құру және мүмкін МЖӘ жобалары арқылы ДШСК салу және жұмыс істеу алгоритмін өзірлеу;

«Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-мен бірлесіп, оларды мақсаты бойынша пайдалану үшін №24, №77 мектептердегі спорт аландарын тиісті күйге келтіру мәселесін пысықтау ұсынылсын.


6. «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ, Астана қаласының Полиция департаментіне велосипедшілердің жаяу жүргіншілермен соқтығысуы мен ауыр

жарақаттардың алдын алу үшін шаңғы-роллер трассасында шектеу белгілерін орнату ұсынылсын.

7. Мемлекеттік органдарға осы қаулының орындалуы жөніндегі ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде беру қажет.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
зандылық, құқық тәртібі және  
жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының  
төрағасы**

A handwritten signature consisting of stylized, fluid lines forming a unique character.

— А.Айтхожин